

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 11

Жезқазған қаласы
05.05.2023
сағат 10.00

Облыстық қоғамдық кеңесі **оффлайн форматында** өтті.

Жиынды ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізіп отырды.

Оған облыстық қоғамдық кеңес мүшелері: **Бекмағанбетов М.Е** ,
Абжаппаров А. М, **Ізтөлеуов Д.Д**, **Мукеева А.М**, **Токишова А.Ғ**, **Хамитов М.И**, **Оспанов С.Ж**; **Ахмет А.А**;

Белгілі себеппен қатыспаған: Ким А.С; Тұрлыбек А.М;

Белгісіз себеппен қатыспаған: Маткенов М.К; Жақсыбеков Д.Д;

Бегенов Б.Ж: Кеңес отырысын ашық деп жарияланды.

Бүгінгі отырыста 4 сұрақ:

Біріншісі:

Қоғамдық кеңестің мамыр айынан бастап жылдың аяғына дейін жоспарды талқылап, толықтырып бекіту. Алдын ала құжаттың жобасын хатшы жіберген, танысуға уақыт болды. Кімнің қандай ұсынысы бар?

Мукеева А- Осы күнге дейін Қабанбай батыр шағыма ауданында 60 үйге газ тартылмаған. Әкімшілік әлі күнге дейін тізім жасамаған. Сондықтан жоспарда көрсетілген желтоқсан айынан мамырға ауыстырған.

Бегенов Б – Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-9
2. Кім қарсы – жоқ
3. Кім қалыс қалған-

Бегенов Б- егер алып қосарларыңыз болмаса жоспарды толығымен қабылдап **екінші сұраққа** көшеміз. Ол 4 бағыттағы комиссия құру. Тізім алдарыңызда тұр. Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-8
2. Кім қарсы – жоқ
3. Кім қалыс қалған- 1

Бегенов Б- Құрметті комиссия мүшелері, төрағалар. Сіздерге осы жүктелген бағыттар бойынша өз ішілік жоспар құрып жұмыс жасау керек. Халықпен кездесу өткізіп, мем. органдарға ұсыныс жасайсыздар.

Үшінші сұраққа көшейік.

Бізге бірнеше облыс басқармаларынан нормативті құқықтақ актілер келіп түсті. Алып қосарларыңыз бар ма? Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-9
2. Кім қарсы – жоқ
3. Кім қалыс қалған-жоқ

Бегенов Б- соңғы төртінші сұрақ келсек, ол облыстық білім басқармасынан түскен өтініш бойынша комиссия құрамына қоғамдық кеңестен мүше сайлау.

Өз басым Айтболат мырзаны ұсынам, қалай қарайсыздар? Тәжірибесі үлкен кісі, біраз шаруадан хабары бар.

Оспанов С- бұл комиссияға білім мекемелерінде жұмыс жасамайтын қоғамдық кеңес мүшесі керек. Сондықтан Мархат мырзаны ұсынамын.

Бегенов Б- дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды- 9
2. Кім қарсы – жоқ
3. Кім қалыс қалған- жоқ

Бегенов Б – Осымен күн тәртібіндегі бүкіл сұрақты қамтыдық. Құрметті әріптестер айтқым келгені, ол жоспар құру туралы мен екі апта бұрын айттым. Өз ұсыныстарын қосқан тек қана Айтболат және Абзал мырзалар. Басқалары қалыс қалды. Сонымен қатар, чатқа хатшы ақпарат жазғанда байқап отырсам, сіздердің тараптарыңыздан көбіне еш қандай жауап жоқ.

Осы жиынға да не келетінін не келмейтінін екі ҚК мүшелері жазбады. Сондықтан Маткенов Мұрат және Жаксыбеков Данияр мырзаларға ескерту берілсін. Светлана Кемелқызы ескертуді хаттамаға енгізіңіз.

Бегенов Б- Әріптестер! Жұмысты жандандырайық. Бүгінгі жиын аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңыздар.

Қоғамдық кеңестің төрағасының

Б.Ж.Бегенов

Қоғамдық кеңестің хатшысы

С.К. Оңгарбаева

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ ЖҮРУ ТӘРТІБІ

Төрағалық етуші – Бегенов Б. Ж.:

Құрметті әріптестер, сәлеметсіздер ме. Кезекті отырысымызды бастайық. Бүгінгі жиынымыз оффлайн режимде өтуде.

Күн тәртібінде 4 сұрақ:

1. Қоғамдық Кеңестің мамыр айынан бастап жылдың аяғына дейін жоспарды талқылап бекіту.

2. Төрт бағыттан тұратын комиссия құру, ішінен төраға сайлап бекіту.

3. Әр мекемелерден түскен құжаттарға қорытынды шығару.

4. Облыстық білім басқармасынан түскен өтініш бойынша комиссия құрамына қоғамдық кеңестен мүше сайлау (өз басым Айтболат мырзаны ұсынам, қалай қарайсыздар?, тәжірибесі үлкен кісі, біраз шаруадан хабары бар)

Хатшы хаттама, қорытынды жасаңыз. Әріптестер, жоспар құрылды. Бірігіп жұмыс жасайық. Сонымен бүгінгі жиналысты аяқтаймыз. Сау болыңыздар.